

**Қазақстанда инвестициялық
дауларды шешетін жаңа алқамен
қаралатын инвестициялық даулар
ұғымын анықтау**

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
жанындағы Халықаралық кеңес**

22 ақпан 2016 жыл

Астана қаласы

Куртис Б.Мастерс

Қазақстан заңнамасының негізгі
ережелері

Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес, инвестициялық дауларды шешетін жаңа алқа (әрі қарай- АІЖК)

(1) Астана қалалық соты

соттылығы: «инвестициялық даулар бойынша, сондай-ақ инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды» (АІЖК-нің 27-бабының 4 бөлімі).

(2) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

соттылығы:

- «жәй инвесторлардың» қатысуымен «инвестициялық даулар» бойынша Астана қалалық сотының шешімдеріне келтірілген апелляциялық және кассациялық шағымдар «АІЖК-нің 402 бабы және 434 бабының 1 бөлімі»;
- тарап ретінде ірі инвестор болып табылатын инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды (АІЖК-нің 28 аббының 2 бөлімі);
- тарап ретінде ірі инвестор өтететін, инвестициялық даулар бойынша Жоғарғы Сотта кассациялық тәртіпте қайта қарауға жататын сот актілері (АІЖК-нің 434 бабының 1 бөлім);

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сай негізгі ұғымдар (2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді) (әрі қарай- Кәсіпкерлік кодекс)

- Жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі **инвестициялық қызмет** деп танылады (Кәсіпкерлік кодекстің 274 бабының 3 бөлімі).
- **Инвестор** деп Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар түсініледі (Кәсіпкерлік кодекстің 274 бабының 2 бөлімі).
- **Ірі инвестор деп** Қазақстан Республикасында айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға түсініледі (Кәсіпкерлік кодекстің 274 бабының 4 бөлімі).
- Инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар, оның ішінде ірі инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы шарттық міндеттемелерден туындайтын дау **инвестициялық дау** болып табылады. (Кәсіпкерлік кодекстің 296 бабының 1 бөлімі).

Инвестициялық дауларды шешу бойынша жаңа алқаның құрылу мақсаты

Инвестициялық дауларды шешу бойынша жаңа алқалардың құрылуының негізгі мақсаты болып келесі жолдармен Қазақстанда қолайлы инвестициялық ахуалды жақсату болып табылады:

- (1) инвестициялық дауларды, осындай дауларды шешуде біліктілігі, дайындығы және тәжірибесі бар сот құрамымен қарау және шешу,
- (2) инвесторларға халықаралық инвестициялық төреліктің нақты жергілікті баламасын қамтамасыз ету.

Негізгі тәуекел және мақсатқа қол жеткізу

(1) Инвестициялық дауларды шешу бойынша алқалар мемлекетке тәуелді сот болып қабылдануы мүмкін, егер де:

- мемлекет пайдасына шешілген шешімдер санының теңсіздігі
- инвесторларға сот шығындарын өндіру туралы шешімдерді шығарғысы келмеуі

(2) Судьялардың жеткіліксіз дайындығы және инвесторларға маңызы бар мәселелерді шешуде қызығушылықтың болмауы.

(3) Алеуетті инвесторлар тарап ретінде инвестор өтетін, тек қана даулардың жеке түрлерін қарайтын емес, өздері тарап болып табылатын барлық дауларды қарайтын және шешетін сотты қалауы мүмкін (яғни артықшылықты соттылықтың мәніне емес, тұлғаның соттылығына береді). Басқа сөздермен айтсақ, алеуетті инвесторлар тек қана мемлекетке қатысты инвестициялық дауларды қарайтын соттан басқа, инвесторлардың қатысуымен дауларды қарайтын және шешетін сотты қалауы мүмкін.

Ескерту: Астана қаласының халықаралық қаржы орталығының сотының және Дубай қаласының Халықаралық қаржы орталығын сотының соттылығына негізінен тараптардың даулары бойынша істер жатады.

(4) «Инвестор» терминінің ұғымы өте қысқа болуы мүмкін:

- ол мемлекетпен жасалған келісімшарттың бір тарапы бола алмайтын үлестес тұлғаларды қамтымайды (мысалы, шетелдік бас компания инвестор болған кезде, жергілікті еншілес ұйым мемлекетпен шартта тарап болу мүмкін).

(5) «Инвестициялық дау» терминінің ұғымы өте қысқа болуы мүмкін, өйткені ол мемлекетпен қол қойылған келісім-шарттарға байланысты және ол

- инвестор мен мемлекеттің арасындағы келісім шарттың негізінде емес инвестор мен мемлекеттің инвестициялық қызметпен байланысты дауларды қамтымайды (мысалы, салық, кеден, қоршаған ортаны қорғаумен байланысты даулар).

Жоғарғы Соттың ескертпесі

Жоғарғы Соттың ойынша «инвестициялық даулар» анықтамасы тым ауқымды жазылған, себебі онда қарапайым шаруа операцияларына қатысты даулар қамтылған.

Халықаралық тәжірибе

«Инвестициялық даулар» терминін анықтаудағы халықаралық тәжірибе

- (1) Дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық **(ICSID)**
- (2) Екіжақты инвестициялық келісім шарттар **(BIT)**
- (3) Энергетикалық хартияға келісім шарт **(ECT)**
- (4) Еуразиялық экономикалық одақ жөніндегі шарт **(ЕЭО туралы шарт)**
- (5) «Инвестициялар» терминін талқылаудағы Salini критеріі

ICSID инвестициялық даулар

- (1) Мемлекет пен өзге мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары арасында инвестициялық дауларды реттеу туралы конвенциясын (ICSID Конвенциясы) Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 9 шілдеде ратификациялаған. Қазақстан әртүрлі екіжақты инвестициялық келісім шарттарға және Энергетикалық хартияға келісім шартқа ICSID-нің сот төрелігіне келісімін берген.
- (2) **Инвестор:** ICSID Конвенциясымен бұл термин анықталмаған. Конвенция ұлттық заңнамада, екіжақты инвестициялық келісім шарттар мен инвестицияны қорғау туралы өзге де келісім шарттар қолданылатын анықтамаларға жүгінген.
- (3) **Инвестиция.** Бұл термин ICSID Конвенциясымен анықталмаған. Конвенция нақты жағдайға байланысты ұлттық заңнамада, екіжақты инвестициялық келісім шарттар мен инвестицияны қорғау туралы өзге де келісім шарттарда қолданылатын анықтамаларға жүгінген.
- (4) **Инвестициялық дау:** «келісетін мемлекет (немесе Орталыққа келісетін мемлекеттің өкілетті органы жөнінде Келісетін мемлекетпен хабарланған) пен өзге де келісетін мемлекеттің тұлғасы арасындағы инвестицияға байланысты қарым-қатынастан туындайтын әртүрлі құқықтық дау (ICSID Конвенциясының 25.1-бабы)

Екіжақты инвестициялық келісім шарттар бойынша даулар (1)

- (1) Қазақстан Республикасы 50-ге жуық екіжақты инвестициялық келісім шарттарды ратификациялаған. «А» қосымшасын қарауға (20 - слайд).
- (2) Екіжақты инвестициялық келісім шарттың үлгісі жоқ. Ірі инвестор-мемлекеттердің көпшілігінде өздерінің үлгі шарттары бар және солардың негізінде келіссөздер жүргізеді.
- (3) Қазақстан мен Жапония арасындағы екіжақты инвестициялық келісім шарттар (Қазақстан 2015 жылғы 22 шілдеде ратификациялаған) келесі анықтамаларды қамтиды:
 - (a) Келісетін тараптың заңы мен нормативтік актілеріне сәйкес мемлекеттің азаматтығы бар жеке тұлға; немесе
 - (b) Келісетін тараптың заңды тұлғасы.
- **Даулаушы инвестор** деген ұғым - инвестициялық даудың тарапы болып есептелетін инвестор болып саналады.

Екіжақты инвестициялық келісім шарттар бойынша даулар (2)

- **Инвестициялар** – бұл инвесторлармен тікелей немесе жанама иеленетін немесе басқарылатын активтердің барлық түрі, оның ішінде:
 - (a) заңды тұлға, сондай-ақ оның филиалы;
 - (b) акциялар, үлестер немесе кәсіпорындардағы үлестік түрлері ...;
 - (c) облигациялар, қарыз міндеттер, қарыздар және басқа да қарыз түрлері...;
 - (d) келісімге байланысты құқықтар, оның ішінде «кілтпен» келісім шарттар, құрылыс, басқару, өндіріс шарттары немесе табыстарды реттеу шарттары;
 - (e) ақшалай талаптар және коммерциялық құндылығы бар келісімге сәйкес барлық жұмыс түрлері;
 - (f) зияткерлік меншік құқықтар...;
 - (g) қабылдаушы мемлекеттің заңдары мен нормативтік актілерімен немесе шарттарымен (концессия, лицензия, рұқсат беру және өткізу, оның ішінде зерттеуге және табиғи ресурстарды игеруге арналған шарттар) сәйкес берілген құқықтар; және
 - (h) барлық материалдық және материалдық емес, жылжымалы және жылжымайтын мүлік, және жеке меншікке қатысты барлық құқықтар, мысалы, жалға алу, ипотека, кепілге алу және кепілдік.
- Инвестицияға инвестициядан түсетін табыс, атап айтқанда, пайда, пайыз, капиталдан түстеін табыс, дивидендтер, гонорарлар және төлемдер кіреді. Актив түрлерінің инвестицияға құйылған кезде өзгеруі оның инвестиция ретіндегі мазмұнын жоғалтпайды.
- **Инвестициялық дау** – Келісетін тарап және Келісетін тараптың инвесторы арасында жоғалту мен шығындар нәтижесінде немесе Келісетін тараптың біреуінің Келісетін тараптың инвесторына немесе оның бірінші Келісетін тараптың аумағындағы инвестицияларына қатысты Келісімге сәйкес барлық міндеттер түрлерін бұзылуынан туындайтын дау.

Энергетикалық хартия бойынша инвестициялық даулар (1)

- (1) 1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан Энергетикалық шартты бекітті.
- (2) Энергетикалық хартияға шарты Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде энергетикалық әлеуетті күшейту және Еуропа Одағында энергиямен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында еуропалық және өнеркәсібі дамыған өзге де елдердің арасында қарым-қатынас орнату негізін айқындайды.
- (3) Энергетикалық хартияға шарт бойынша инвестициялық даулар ұлттық соттарды немесе арбитражда ICSID, біріңғай ұлттар ұйымының халықаралық сауда құқығы (ЮНИСТРАЛ) бойынша немесе Стокгольмның Сауда палатасының регламентіне сәйкес шешілуі мүмкін.

Энергетикалық хартия бойынша инвестициялық даулар (1)

(4) Энергетикалық хартияға шарт келесі анықтамалар қарастырылған:

- **Инвестор** деп:

(а) Келісіп жатқан тараптарға қатысты:

(i) жеке тұлға, Келісіп отырған тараптың қолданыстағы заңнамасына сәйкес азаматтығы бар немесе осы тарапта азаматтығы бар немесе онда тұрақты тұратын тұлғалар.

(ii) оның қолданыстағы заңнамасына сәйкес танылған компаниялар немесе өзге де ұйымдарды..... (1.7-бабы) білдіреді.

- **Инвестиция** деп Инвесторлармен мүлкіне жататын немесе тікелеә немесе жанама қадағаланатын барлық активтер кіреді, оның ішіне:

(а) заттық немесе заттық емес, сондай-ақ жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік және жалға алу, ипотека, мүлікті ұстап тұру құқығы және кепілдік сияқты өзге де мүліктік құқықтар;

(б) компаниялар немесе іскерлік одақтар, немесе акциялар, салымдар немесе өзге де нысанда компаниялардың немесе іскерлік одақтың акционерлік капиталына қатысушылығы, сондай-ақ компаниялар мен іскерлік одақтың облигациялары мен өзге де іскерлік міндеттемелері;

(в) Инвестицияға байланысты және экономикалық құндылығы бар келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауды талап ету құқығы және ақша қаражатын талап ету бойынша құқығы;

(г) Зияткерлік меншік;

(д) Кірістер;

(е) заңға сәйкес немесе келісім-шарт бойынша немесе заңға сәйкес Энергетикалық секторында кез-келген шарушылық қызметін жүзеге асыруға берілген кез-келген лицензияның немесе рұқсаттың негізінде кез-келген құқық (1.6-бабы).

- **Инвестиция** Энергетикалық секторында кез-келген шарушылық қызметіне байланысты, сондай-ақ «Хартияға сәйкес тиімділік жобалары» ретінде Келісіп отырған тараптардың шекарасында көрсетілген және Хатшылыққа осы тақырыб атымен хабарланған инвестицияларға немесе инвестициялар кластарына байланысты кез-келген инвестициялар болып табылады.

- **Инвестициялық даулар**: бұл термин анықталмаған.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт бойынша инвестициялық даулар

(1) ЕЭО туралы шартқа сәйкес, «инвестициялық даулар» тараптардың келісімі бойынша ұлттық соттарды немесе арбитражда ICSID немесе UNCITRAL немесе суда-саттық палатасының регламентіне сәкес қаралуы мүмкін.

(2) Шарттың 16 қосымшасында келесі анықтаулар кіреді:

Инвестициялар бір мүше-мемлекеттің инвесторымен басқа мүше мемлекеттің шекарасында осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынған материалдық және материалдық емес құндылықтар болып табылады, оның ішінде:

- ақша қаражаттары (ақшалар), құнды қағаздар және өзге де мүліктер;
- мүше мемлекеттің заңнамасы негізінде немесе шарт бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін берілген құқық, оның ішінде, атап айтқанда, табиғи ресурстарды барлау, қайта өндіру, өндіру және жүзеге асыру.
- мүліктік құқық және қаржылық санағы бар өзге де құқықтар.

Мүше-елдің инвесторы деп басқа мүше мемлекеттің шекарасында осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестицияны жүзеге асырып атқан кез-келген мүше мемлекеттің тұлғалары болып табылады (6-баптың 8-тармағы).

Инвестициялық даулар: бұл термин анықталмаған, бірақ инвестицияның мемлекет-реципиенті мен басқа мүше мемлекеттің инвесторы арасындағы, осы инвестордың мемлекет-реципиент шекарасындағы инвестицияға байланысты туындайтын барлық даулар ретінде талықланауы мүмкін.

Salini өлшемдері

- (1) Барлық инвестициялар коммерциялық мәміле негізінде жасалған, бірақ барлық коммерциялық мәмілелер инвестиция болып табылмайды.
- (2) ICSID конвенциясында инвестицияның анықтауы болмағандықтан нақты бір коммерциялық мәміле «инвестиция» (осыған орай инвестициялық арбитраж юрисдикциясына жатады) ретінде, немесе ол тек коммерциялық мәміле (бұл жағдайда инвестициялық арбитраж юрисдикциясына жатпайды) екендігін анықтау бойынша біршама қыйындықтар туындатады. Көп жағдайда ВІТ «инвестиция» ретінде танылатын тізімді қамтйды, алайда олар өте кең мағналы және мейлінше инвестиция болып табылмайтын барлық коммерциялық мәмілелер екендігін білдіреді.
- (3) Бұл нақты бір мәміле коммерциялық мәміле емес «инвестиция» болып табылатындығын айқындауға көмек беретін тәжірибелік тест әзірлеу қажеттігіне негіз болды. Salini Costruttori SpA. & Italstrade SpA vs. Kingdom of Morocco ісіне қатысты 2001 жылы ICSID арбитражы мәмілне «инвестициялық» ретінде қаралу мүмкіндігі үшін міндетті түрде ескеруге жататын төрт өлшемдерді анықтады (**«Salini Өлшемдері»**). Өте келе осы өлшемдер өзгеріске ұшырады, сәкесінше бүгінгі таңда олардың жалпыға танымал қалпы келесідей болып табылады:
 - а) инвестордың қызметі мейлінше ұзақ болуы қажет;
 - б) қағидат ретінде, инвестор мен мемлекеттік органдар үшін тәуекел элементтері болуы қажет;
 - в) инвестордың міндеттілігі маңызды болу қажет;
 - г) инвестордың үлесі мемлекет-реципиентті дамытуға бағыталу қажет.
- (4) Бұл Salini Өлшемдері кейде дау туғызған күнде де, бұлар белгілі бір мәміле «инвестициялық» болып табылады ма, әлде шынайы коммерциялық мәміле болып табылатындығын анықтау үшін халықаралық инвестициялық дауларды қарастыратын арбитраж мүшелерімен жиі қолданылады.

Ұсыныстар

«Инвестициялық даулар» терминін талқылау бойынша ұсыныс (1)

(1) Талқылау үшін мәселе

«Инвестициялық даулар» терминін Кәсіпкерлік кодекспен анықтау негізсіз, себебі Қазақстан тарап болып табылатын инвестицияны қорғау бойынша шарттар шеңберіндегі Қазақстанның міндеттемелеріне қарама қайшы келеді. Бұл термин, өз кезегінде, инвестициялық дауларды шешу бойынша жаңа алқамен қалай талқылану мүмкіндігі бойынша маңызды үйлеспеушіліктерді туғызады. Мұндай белгісіздік инвестициялық дауды шешу бойынша алқаға Қазақстандағы инвестициялық климатты жақсарту үшін алға қойған мақсатына жету үшін қолайсыздықтар тудыру мүмкін.

«Инвестициялық даулар» терминін инвестициялық дауларды шешу бойынша жаңа алқамен талқылану жолы бойынша ұсыныс

Инвестициялық дауларды шешу бойынша жаңа алақаның судьяларына Кәсіпкерлік кодексінің 296-бабы 1-тармағымен қарастырылған «инвестициялық даулар» терминін талқылау бойынша бағыт беретін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен нормативтік қаулы қабылдау қажеттігі ұсынылады.

Ұсынылып отырған нормативтік қаулының жобасы **қосымша «Б»** ретінде осы слайдқа қосылған (21-23 слайдтары).

Ұсынылып отырған талқылауларға сәйкес, «инвестициялық даулар» термині инвестор мен мемлекеттік органдар арасында «инвестицияға» байланысты кез-келген даулар деген мағынаны білдіреді. «Инвестиция» анықтауын Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы (2015) келісімінен алу ұсынылады. Алайда, дауларды «инвестициялық» ретінде класификациялау үшін нақты бір дауға қатысып жатқан инвестиция Salini Өлшемдеріне ұқсас болуы қажет.

Ұсынылған «Инвестициялық даулар» терминін талқылау (2)

(3) Ұсынылып отырған түсініктің талдамасы

Жоғарғы сот нормативтік қаулы қабылдау арқылы «инвестициялық дау» терминінің тұрақсыздығын жояды және термин «инвестициялық дауларды» шешуде алқа судьяларымен жалпыға бірдей түсінікті болады.

Ұсынылып отырған түсінік Қазақстан Республикасына және алқа үшін инвестициялық дауларды шешуде келесідей қосымша артықшылықтарды ұсынады:

- оған әдеттегі шаруашылық операциялар даулары кірмейді.
- Қазақстан Республикасы бір жағы болып табылатын, инвестицияларды қорғау келісім-шарт шегіндегі міндеттеріне сәйкестендірілген. Ол міндеттерінің көлемін азайтпайды және арттырмайды.

Ұсынылып отырған түсініктеме инвесторларға төмендегідей қосымша артықшылықтарды ұсынады.

- туындаған дау бойынша келісімнің мемлекетпен жасалуын талап етпейді
- инвесторлардың халықаралық инвестициялық арбитраж болған жағдайдағы құқықтарынан бас тартуын талап етпейді.

Ұсынылып отырған қаулы Қазақстан Республикасы мен оның соттарының, және инвесторлардың арасындағы мүдделеріне сай дұрыс келісім болып табылады. Қазақстанның инвестициялық ахуалын жақсарту мақсатында инвестициялық дауларды шешуде жаңа алқалардың көмегі септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасымен инвестицияны іске асыру және өзара қорғау жөнінде Келісімшарт жасасқан елдердің тізімі

Америка					
1	АҚШ				
Европа					
2.	Австрия	10.	Ұлыбритания	18.	Польша
3.	Бельгия- люксембург одағы	11.	Греция	19.	Румыния
4.	Болгария	12.	Венгрия	20.	Сербия
5.	Чеш Республикасы	13.	Италия	21.	Словакия
6.	Эстония	14.	Латвия	22.	Испания
7.	Финляндия	15.	Литва	23.	Швеция
8.	Франция	16.	Македония	24.	Швейцария
9.	Германия	17.	Нидерланд		
Кеңес Одағының бұрынғы елдері-республикалары (балтық мемлекеттерінен басқа)					
25	Әзірбайжан	28	Қырғызстан	31	Өзбекстан
26	Армения	29	Ресей	32	Украина
27	Грузия	30	Тәжікстан		
Азия, Африка, Таяу Шығыс елдері					
33	Ауғаныстан	39	Жапония	45	Пәкістан
34	Қытай	40	Иордания	46	Қатар
35	Египет	41	Корея	47	Түркия
36	Үндістан	42	Кувейт	48	Вьетнам
37	Иран	43	Малайзия		
38	Израиль	44	Манғолия		
Халықаралық ұйымдар					
49	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (ЕАЭО)				

- **Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қаулысының жобасы**

Қазақстан Республикасының № 375-V санды 29 қазан 2015 жылғы Кәсіпкерлік Кодексінің 296-бабының 1-тармағы бойынша «Инвестициялық дау» терминің түсіндіру мәселелері

1. Қазақстан Республикасының (№ 375-V) 29 қазан 2015 жылғы Кәсіпкерлік Кодексінің 296-бабының 1-тармағына сай, (әрі қарай - **Кәсіпкерлік Кодекс**), инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар, оның ішінде ірі инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы шарттық міндеттемелерден туындайтын дау инвестициялық дау болып табылады.

2. Кәсіпкерлік Кодекстің 274-бабының 3-тармағына сай, жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі инвестициялық қызмет деп танылады.

3. Инвесторлардың қызметімен байланысты шығатын немесе бастау алатын инвесторлар мен мемлекеттік мекемелер арасындағы дау, Кәсіпкерлік Кодексінің 274-бабының 3-тармағында көрсетілгендей, егер инвестордың қызметі инвестормен мемлекеттік мекеме арасында түзілген келісімге сай жүзеге асса, ол инвестициялық дау ретінде қаралады.

4. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы бекіткен инвестицияларды қорғау жөніндегі халықаралық келісім, инвесторлар мен мемлекеттік мекемелердің арасындағы қызметтің мемлекеттік мекеме мен инвестордың арасындағы келісімі арқылы жүзеге асапасада инвестициямен байланысты туындаған инвестициялық дау түсінігін кеңейте түседі.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қаулысының жобасы

5. Халықаралық келісімге сай "инвестиция" термині инвестордың меншігіндегі, немесе тікелей, не жанама бақылауда тұрған активтердің барлық түрін білдіреді, оған қоса: an enterprise and a branch of an enterprise;

(a) заңды тұлғалар мен оның филиалы;

(b) акциялар, үлестер немесе кәсіпорын қатысу үлестік формасының өзге түрі, олардан шығатын құқықпен қоса;

(c) облигациялар, қарыздық міндеттер, несие және қарыздың өзге түрлері, олардан шығатын құқықпен қоса;

(d) келісім бойынша құқықтар, келісімімен қоса "толық дайындап", құрылыс, басқару, өндіріс келісім-шарттары немесе кірісті бөлу келісімдері;

(e) қаржылай талаптар мен келісімге сай коммерциялық құны бар кез- келген жұмыс;

(f) интеллектуалдық меншік құқығы, оның ішінде авторлық құқық пен аралас құқық, пайдалы модельдерге қатысты патенттер мен құқықтар, садуа маркалары, өнеркәсіптік үлгілер, интегральды топология микросызбасы, өсімдіктердің жаңа сорты, тауарлардың шығатын жері не географиялық сілтемелер және құпия мәліметтер;

(g) құқық, заңға және нормативтік актілерге сай ұсынылған қабылдаушы мемлекет немесе келісімдер, яғни, концессиялық, лицензиялық, шешімдер мен рұқсаттамалар, оған қоса, барлау келісімдері мен табиғи ресурстарды талдамалау;

(h) кез-келген басқа материалды не материалды емес, жылжымалы не жылжымалы емес мүлік және кез-келген ілеспелі меншік құқығы, яғни жалгерлік, ипотека, ұстау құқығы мен кепіл;

Инвестициядан түсетін табысқа, инвестициядан түсетін пайда, пайыз, капитал кірісі, дивиденттер, қаламақылар және төлемақылар жатады. Активте инвестицияланатын формадағы өзгерістер, олардың инвестиция ретінде сипатын қозғамайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының қаулысының жобасы

6. Халықаралық жалпы танылған принциптерге сәйкес, халықаралық инвестициялық арбитраждық тәжірибеге сай дайындалған, 5-тармақта көрсетілген активтерді инвестиция ретінде инвестициялық дауларды реттеуде сипаттаушы критерийлерді анықтауға мүмкіндік береді.

- (a) инвестордың қызметі жеткілікті түрде едәуір ұзақ болуы тиіс;
- (b) инвестор мен мемлекеттік мекемелерге арналған тәуекел элемент болуы шарт;
- (c) инвестордың міндеттері маңызды болуы тиіс;
- (d) инвестордың салымы мемлекет-реципиетінің дамуын тарту керек;

7. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сай, Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

8. Азаматтық процесстік кодекстің 1-бабының 1-тармағына сай, азаматтық құқық нормаларының қолданылуы жалпыға бірдей танылған халықаралық қағидаларға негізделген.

9. Кәсіпкерлік Кодексінің 6-бабында қарастырылған барлық инвесторлардың теңдік қағидаларына сай, барлық ұлттық инвесторлар шетел инвесторы секілді қорғану құқығына ие.

10. Сәйкесінше, Кәсіпкерлік Кодексінің 296-бабының 1-тармағына сай, "инвестициялық дау" термині соттарда жоғарыда аталған 5-тармақтың критерийлермен қоса және 6-тармақта көрсетілген инвестицияларға байланысты шыққан дау инвесторлар мен мемлекеттік мекемелер арасындағы кез-келген дау болып түсіндірілуі тиіс.